

Ақитбаева Нургуль Кенжебаевна – педагогика ғылымдарының магистрі, сениор-лектор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 070010 Өскемен қ., Бульвар Гагарина көш. 23, тел.: +77479815754, e-mail: nakitbaeva@mail.ru.

Токтарбекова Куралай Токтарбекқызы\* – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 070020 г. Усть-Каменогорск, ул. Казыбек Би 1А, тел.: +7778578298, e-mail: kurash1983@mail.ru.

Тюлюпергенева Раушан Жомартовна – кандидат психологических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Республика Казахстан, 070000 г. Усть-Каменогорск, ул. 30-Гвардейской Дивизии 34, тел.: +7777422442, e-mail: raushan.zh@list.ru.

Мухамадиева Айжан Ержанкызы – магистр педагогических наук, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Республика Казахстан, 070000 г. Усть-Каменогорск, ул. Виноградова 18, тел.: +77051889448, e-mail: mukhamadiyeva01.05@mail.ru.

Ақитбаева Нургуль Кенжебаевна – магистр педагогических наук, сениор-лектор, Восточный Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Республика Казахстан, 070010 г. Усть-Каменогорск, ул. Бульвара Гагарина 23, тел.: +77479815754, e-mail: nakitbaeva@mail.ru.

XFTAP 14.07.03

ӨОЖ 372.882

<https://doi.org/10.52269/SRDG2612308>

### АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН МОРАЛЬДЫҚ САНАНЫ МЕНГЕРТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тумабаева М.Б. – PhD докторанты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Есимбекова Д.Б.\* – PhD докторанты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Асылова Р.О. – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы адамгершілік қағидалар негізінде студенттердің құқықтық мәдениеті мен моральдық санасын қалыптастырудың педагогикалық моделі ұсынылады. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтінді оқу үдерісіне кіріктіру арқылы тұлғаның құқыққа құрметін, заң алдындағы жауапкершілігін, ар-ұждандық сана-сезімін, моральдық рефлексиясын және этикалық ойлау қабілетін дамыту тетіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу. Зерттеу барысында салыстырмалы әдеби талдау, терминологиялық диктант, кейстік және рефлексиялық тапсырмалар қолданылды, сондай-ақ құқықтық-психологиялық аспектілерді ықпалдастыратын STEAM және CLIL технологиялары тиімді пайдаланылды. Эксперимент «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері арасында өткізілді. Нәтижелер құқықтық мәдениеттің когнитивтік, аффективтік және мінез-құлықтық компоненттерінің даму динамикасын көрсетті. 32% студент – өте жоғары деңгейде, 46% – жақсы деңгейде. Абай шығармаларындағы «Ар», «Әділет», «Ұят», «Ынсап», «Рақым» ұғымдары кәсіби құқықтық терминологиямен сабақтасып, құқықтық сана мен тұлғалық жауапкершілікті қалыптастырудың тиімді құралы ретінде дәлелденді. Зерттеу Абай поэзиясын құқықтық тәрбие беру үдерісінде пәнаралық, гуманистік және тұлғалық-бағдарлы оқыту аясында қолданудың тиімділігін, әдеби мәтінді заманауи педагогикалық технологиялармен біріктірудің практикалық үлгісін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында әдебиет пен құқықтық тәрбие арасындағы пәнаралық байланысты нығайтуға, студенттердің кәсіби құзыреттілігі мен құндылықтық бағдарын қалыптастыруға маңызды педагогикалық негіз бола алады.

**Түйінді сөздер:** гуманизм, кәсіби лексика, құқықтық мәдениет, моральдық девиация, терминология.

### ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОСВОЕНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И МОРАЛЬНОГО СОЗНАНИЯ ЧЕРЕЗ ПОЭЗИЮ АБАЯ

Тумабаева М.Б. – PhD докторант, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорған, Республика Казахстан.

Есимбекова Д.Б.\* – PhD докторант, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорған, Республика Казахстан.

Асыллова Р.О. – кандидат филологических наук, преподаватель-лектор кафедры казахского языка и литературы, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган, Республика Казахстан.

В статье предлагается педагогическая модель формирования правовой культуры и морального сознания студентов на основе нравственных принципов поэзии Абая Құнанбайұлы. Цель исследования – научно обосновать механизмы развития уважения к праву, ответственности перед законом, совестливого мышления, моральной рефлексии и этического анализа у личности через включение художественного текста в учебный процесс. В ходе исследования использовались сравнительный литературный анализ, терминологический диктант, кейс- и рефлексивные задания, а также эффективно применялись технологии STEAM и CLIL, учитывающие правовые и психологические аспекты. Эксперимент проводился среди студентов 3-го курса образовательной программы «Казахский язык и литература». Результаты продемонстрировали динамику развития когнитивного, аффективного и поведенческого компонентов правовой культуры. 32% студентов – очень высокий уровень, 46% – высокий уровень. Понятия «Честь», «Справедливость», «Стыд», «Сострадание», «Милосердие» в произведениях Абая были интегрированы с профессиональной правовой терминологией и доказали свою эффективность как инструмент формирования правового сознания и личной ответственности. Исследование демонстрирует практическую возможность применения поэзии Абая в междисциплинарном, гуманистическом и личностно-ориентированном обучении, а также подчеркивает значимость укрепления междисциплинарной связи между литературой и правовым воспитанием, формируя профессиональную компетентность и ценностные ориентации студентов.

**Ключевые слова:** гуманизм, профессиональная лексика, правовая культура, моральное сознание, терминология.

#### PEDAGOGICAL FOUNDATIONS FOR DEVELOPING LEGAL CULTURE AND UNDERSTANDING MORAL DEVIATION THROUGH ABAI'S POETRY

Tumabayeva M.B. – PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

Yessimbekova D.B.\* – PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

Assylova R.O. – Candidate of Philological Sciences, Lecturer of the Department of Kazakh language and literature, I.Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

The article proposes a pedagogical model for developing students' legal culture and moral consciousness based on the ethical principles in the poetry of Abai Qunanbaiuly. The aim of the study is to scientifically substantiate mechanisms for cultivating respect for law, accountability, conscientiousness, moral reflection, and ethical reasoning in students through the integration of literary texts into the learning process. The study employed comparative literary analysis, terminological dictation, case-based and reflective assignments, as well as the effective use of STEAM and CLIL technologies that integrate legal and psychological aspects. The experiment was conducted among third-year students of the "Kazakh Language and Literature" program. Results demonstrated the development dynamics of cognitive, affective, and behavioral components of legal culture: 32% of students reached a very high level, and 46% a high level. Concepts such as "Honor," "Justice," "Shame," "Compassion," and "Mercy" in Abai's works were integrated with professional legal terminology and proved to be effective tools for fostering legal awareness and personal responsibility. The study highlights the practical potential of using Abai's poetry in interdisciplinary, humanistic, and student-centered education, emphasizing the importance of strengthening the link between literature and legal education while shaping students' professional competencies and value orientations.

**Key words:** humanism, professional vocabulary, legal culture, moral deviation, terminology.

**Кіріспе.** Қазіргі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру – білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі. Жастардың құқықтық санасын, азаматтық жауапкершілігін және адамгершілік бағдарын дамыту – тұрақты дамудың, әлеуметтік әділеттіліктің және заң үстемдігінің басты кепілі. Осы тұрғыдан алатын болсақ, тұлғаның құқықтық-моральдық ұстанымдарын қалыптастыру тек құқық нормаларын меңгертумен шектелмей, оның ішкі құндылықтық дүниетанымын, ар-ұждандық жауапкершілігін және әлеуметтік рефлексиясын дамытуға бағытталуы тиіс.

Абай Құнанбайұлының поэзиясы мен қара сөздері осы міндетті жүзеге асыруда маңызды рухани-дидактикалық әлеуетке ие. Ақын шығармаларындағы «Ар», «Ұят», «Әділет», «Еңбек», «Ынсап», «Рахым» сияқты ұғымдар тұлғаның ішкі мәдениетін қалыптастырудың өзегін құрайды және құқықтық мәдениеттің құндылықтық негізімен сабақтасады. Бұл категориялар қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу, тұлғалық жауапкершілік пен әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын орнықтыру тұрғысынан өзекті болып табылады.

Зерттеу әдеби талдаумен шектелмейді, ол құндылыққа негізделген білім беру, азаматтық тәрбие және тұлғалық-бағдарлы оқыту теориялары аясында қарастырылады. Құқықтық мәдениет педагогика ғылымында тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін, құқықтық рефлексиясын және моральдық өзін-өзі реттеуін дамытатын күрделі тәрбиелік үдеріс ретінде түсіндіріледі. Осыдан көркем мәтін – студенттердің құқықтық және адамгершілік санасын қалыптастыратын тиімді педагогикалық құрал. Құқықтық мәдениет – тұлғаның құқықтық білімді меңгеруі, құқықтық құндылықтарды ішкілендіруі және оларды мінез-құлқында жүзеге асыруымен сипатталатын әлеуметтік-педагогикалық феномен. Құқықтық мәдениет – тұлғаның құқықтық білім жүйесін меңгеруімен қатар, құқықтық нормаларға деген құндылықтық қатынасын және құқықтық мінез-құлыққа дайындық деңгейін сипаттайтын әлеуметтік-педагогикалық феномен. Құқықтанулық зерттеулерде құқықтық мәдениет құқықтық сананың дамуы, заңға құрмет және құқықтық мінез-құлықтың тұрақтылығы арқылы анықталады [1; 2].

Педагогикалық тұрғыда құқықтық мәдениет тұлғаның құқықтық әлеуметтену үдерісімен тығыз байланысты. Құқықтық әлеуметтену – индивидтің құқықтық нормаларды меңгеруі, құқықтық құндылықтарды ішкілендіруі және оларды іс-әрекетте қолдануы үдерісі. Бұл тұрғыдан алғанда, әдеби мәтін құқықтық сананың аффективтік және құндылықтық компоненттерін дамытуға ықпал ететін маңызды тәрбиелік құрал ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру білім берудің басым бағыттарының бірі ретінде айқындалады [3]. Осы контексте Абай шығармаларын құқықтық тәрбие мазмұнымен кіріктіру ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестірудің тиімді тетігі болып табылады.

Марта Нуссбаум (Nussbaum, 2010) гуманистік білім беру теориясында құқықтық және моральдық құндылықтардың әдебиет пен философиялық рефлексия арқылы тереңірек меңгерілетінін атап көрсетеді [4]. Джон Ролз (Rawls, 1971) әділеттілікті тұлғаның ішкі этикалық дүниетанымы мен қоғамдық келісім негізінде түсіндіреді [5]. Бұл тұжырымдар Абай шығармаларындағы әділет, ар, адал еңбек, адамгершілік идеяларымен үндес келеді. Дж. Ролз әділеттілікті «Әділет – қоғамның негізгі институттарын ұйымдастырудың басты принципі» ретінде қарастырады және оны тең мүмкіндіктер мен адалдық қағидаларымен байланыстырады. Ал, Абай дүниетанымында әділет тек әлеуметтік құрылым принципі емес, адамның ішкі моральдық сапасы ретінде түсіндіріледі. Егер Ролз әділетті қоғамдық келісім деңгейінде негіздесе, Абай әділетті тұлғаның ар-ұжданы мен рухани кемелденуі арқылы сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың «Әділет» концептісі құқықтық мәдениеттің аффективтік және тұлғалық компонентін күшейтетін рухани-этикалық негіз болып табылады. Қазақстандық зерттеушілер (Қ. Бітібаева, А. Еспенбетов және т.б.) [6]. Абай мұрасын тұлғалық мәдениетті қалыптастыру тұрғысынан қарастырғанымен, Қазақстандық зерттеулерде Абайдың қарасөздері адамның мінез-құлық типологиясын танудың маңызды көзі ретінде қарастырылады. Мәселен, А. Еспенбетов, Б. Ердембеков және А. Смағұлова «Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау» атты мақаласында салыстырмалы әдіс пен тезаурустық тәсіл негізінде Абайдың «Қара сөздеріндегі» адам мінезінің типтерін жүйелейді және оларды рухани-адамгершілік категориялар арқылы сипаттайды [7, 283-б.]. Аталған зерттеу Абай мәтіндеріндегі мінез ұғымының құрылымдық-семантикалық табиғатын ашқанымен, құқықтық мәдениет қалыптастырудың педагогикалық моделімен сабақтастыра қарастыру жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмаған.

Бұл ғылыми олқылықты толықтыру мақсатында мақалада Абай поэзиясын жоғары оқу орнындағы құқықтық-адамгершілік тәрбиенің педагогикалық құралы ретінде қолданудың әдістемелік моделі ұсынылады. Зерттеу әдебиеттану мен педагогика тоғысындағы пәнаралық сипатқа ие. Көркем мәтін мазмұны студенттердің құқықтық мәдениеті мен моральдық санасын қалыптастыруға бағытталған оқыту технологиялары (STEAM, CLIL), кейстік тапсырмалар, терминологиялық талдау және рефлексиялық әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Мақаланың өзектілігі – Абай мәтіндерін оқу үдерісіне енгізудің педагогикалық шарттарын, әдістемелік құрылымын және нәтижені бағалау критерийлерін ғылыми негіздеуде.

Зерттеу объектісі – жоғары оқу орнындағы гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні – Абай поэзиясы негізінде студенттердің құқықтық мәдениеті мен моральдық санасын қалыптастырудың педагогикалық әдістемесі (оқыту технологиялары, тапсырмалар жүйесі және бағалау критерийлері).

**Зерттеудің мақсаты** – Абай шығармаларын құқықтық-адамгершілік тәрбиенің құралы ретінде қолданудың педагогикалық моделін теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемелік құрылымын сипаттау және тәжірибелік апробация арқылы тиімділігін айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** айқындалды:

- Құқықтық мәдениет пен моральдық сана ұғымдарының педагогикалық мазмұнын (құндылықтық тәрбие, азаматтық білім беру контекстінде) нақтылау;
- Абай поэзиясындағы ар, әділет, ұят, ынсап, рақым сияқты ұғымдардың студенттер бойында құқықтық-моральдық құндылықтарды дамытудағы тәрбиелік-дидактикалық әлеуетін айқындау;
- Абай мәтіндерін оқытуға арналған әдістемелік құралдар жүйесін (кейс-тапсырмалар, терминологиялық диктант, рефлексиялық эссе, салыстырмалы талдау) құрастыру;

- STEAM және CLIL технологиялары негізінде шеберлік сыныптың оқыту дизайнын (мақсат, кезең, әдіс, ресурс, күтілетін нәтиже) сипаттау;
- Оқыту нәтижесін бағалаудың критерийлік жүйесін әзірлеу (рубрика, балл қою, индикаторлар);
- Ұсынылған әдістемелік модельді оқу үдерісінде апробациялап, студенттердің нәтижелерін талдау және қорытындылау;
- Абай поэзиясын құқықтық тәрбие мақсатында қолданудың педагогикалық шарттарын (оқу ортасы, мотивация, тілдік қолдау, цифрлық құралдар) жүйелеу.

**Материалдар мен әдістер.** Құқықтық компонент мазмұны құқықтық сана, заңға құрмет, құқықтық мінез-құлық және құқықтық нигилизм ұғымдары арқылы нақтыланып, кейстік тапсырмаларда әлеуметтік-құқықтық жағдаяттарды шешу логикасымен бекітілді. Зерттеудің теориялық базасын Абайдың адамгершілік философиясы, заманауи педагогикалық концепциялар құрайды. Ғ. Есім «Толық адам» идеясын моральдық-этикалық код ретінде қарастырып, оны тұлғаның рухани және құқықтық кемелденуінің негізі деп сипаттайды [8, 35-б.]. Зерттеуде «Ар-ұждан», «Әділет», «Иман», «Жауапкершілік» ұғымдары құқықтық мәдениеттің құндылықтық өзегі ретінде қарастырылды. Абай шығармаларында адам мен қоғам арасындағы қатынас, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі және рухани жетілу идеялары кеңінен көрініс табады [9, 2362-б.]. Абай дүниетанымында «Кімде-кімнің білімі, махаббаты, әділдігі басым болса – сол адам дана, сол – ғалым, сол – әлем иесі» деген тұжырым оның философиялық антропологиясының мәнін айқындайды [10, 115-б.]. Бұл тұжырымдамалар Абайдың адам тәрбиесі мен қоғам дамуына қатысты ғылыми-философиялық көзқарасының негізін құрайды. Әдіснамалық тұрғыда зерттеу:

- Құндылыққа негізделген білім беру теориясына;
- Тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаттарына;
- Конструктивистік педагогикаға;
- Азаматтық білім беру концепциясына сүйенеді.

Құқықтық мәдениет үш компонент бірлігінде қарастырылды:

1. Когнитивтік (құқықтық білімді меңгеру);
2. Аффективтік (құндылықтық қатынас қалыптастыру);
3. Мінез-құлықтық (жауапты әрекетке бейімделу).

Зерттеу тәжірибелік-ізденіс сипатында ұйымдастырылды. Эксперименттік жұмыс үш кезеңде ұйымдастырылды:

**Анықтау кезеңі** – студенттердің құқықтық мәдениет деңгейін бастапқы диагностикалау (терминологиялық тест, қысқа эссе, өзін-өзі бағалау сауалнамасы);

**Қалыптастыру кезеңі** – STEAM және CLIL технологиялары негізінде шеберлік сынып өткізу;

**Бақылау кезеңі** – қорытынды бағалау және нәтижелерді салыстырмалы талдау.

Диагностикада 50 балдық рубрика қолданылды (терминдік дәлдік, мәтінді құқықтық контексте талдау, рефлексия сапасы, тілдік сауаттылық). Қорытынды нәтижелер бастапқы көрсеткіштермен салыстырылып, пайыздық үлес арқылы сараланды. Бастапқы диагностика нәтижесінде студенттердің басым бөлігінде құқықтық мәдениеттің когнитивтік компоненті қалыптасқанымен, аффективтік және мінез-құлықтық компоненттердің жеткіліксіз дамығаны анықталды. Қалыптастыру кезеңінен кейін көрсеткіштердің өсуі байқалды, бұл ұсынылған педагогикалық модельдің тиімділігін дәлелдейді. Эксперименттік жұмыс «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері арасында жүргізілді. Оқыту үдерісі STEAM және CLIL технологиялары негізінде құрылған шеберлік сынып форматында жүзеге асырылды.

**STEAM тәсілі.** STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) технологиясы пәнаралық интеграцияны қамтамасыз етті. Студенттер, моральдық-құқықтық жағдаяттарды талдады, логикалық модельдер (SWOT, концепт-карта) құрды, визуалды және аналитикалық тапсырмалар орындады.

**CLIL тәсілі.** CLIL (Content and Language Integrated Learning) мазмұн мен кәсіби терминологияны кіріктіре оқытуға бағытталды. Әдеби мәтін талдау барысында құқықтық және этикалық терминдер жүйелі қолданылды.

#### **Қолданылған әдістер.**

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды. Салыстырмалы әдеби талдау, кейстік тапсырмалар (моральдық-құқықтық жағдаяттарды шешу), терминологиялық диктант, рефлексиялық эссе, SWOT-талдау, цифрлық платформалар арқылы интерактивті жұмыс (Padlet, Mentimeter, Jamboard).

Оқыту нәтижелері критерийлік бағалау жүйесі арқылы сараланды. Бағалау өлшемдері, терминдерді дұрыс қолдану, әдеби мәтінді құқықтық контексте талдау, аналитикалық және сыни ойлау, рефлексия сапасы, құрылымдық және тілдік сауаттылық.

#### **Шеберлік сынып бағдарламасы (STEAM & CLIL негізінде)**

Тақырыбы: «Абай гуманизмі: кәсіби сана мен құқықтық-адамгершілік ұстанымдарды қалыптастыру».

Формат: Workshop / Шеберлік сынып

Нысаналы топ: «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері («Абайтану» курсы) – 37 студент.

Ұзақтығы: 3 академиялық сағат (2 интербелсенді бөлім + 1 рефлексия)

Мақсаты: Абай шығармаларындағы гуманистік идеяларды кәсіби және құқықтық ұғымдармен байланыстыра отырып, CLIL (Content and Language Integrated Learning) арқылы пәндік және тілдік білімді қатар меңгерту, STEAM элементтерімен ойлау қабілетін арттыру.

1 кесте – Абай шығармаларын оқытудағы STEAM компоненттері

Компонент	Қолданылуы
<b>S – Science</b>	Гуманизм мен құқықтық мәдениетті құқық теориясы, азаматтық жауапкершілік және этика тұрғысынан талдау
<b>T – Technology</b>	Padlet, Mentimeter, Jamboard арқылы интерактивті тапсырмалар, онлайн тесттер
<b>E – Engineering</b>	Моральдық-этикалық жағдаяттарға практикалық шешім құрастыру
<b>A – Arts</b>	Абай поэзиясын әдеби-шығармашылық тұрғыда зерттеу
<b>M – Mathematics</b>	Логикалық құрылым жасау (мысалы, «Толық адам» моделінің кестесі, SWOT-талдау үлгісі)

STEAM технологиясының көмегімен Абай гуманизмі психологиялық, этикалық және құқықтық тұрғыдан терең талданады. Оқыту барысында Padlet, Mentimeter және Jamboard сияқты интерактивті құралдар пайдаланылады, бұл студенттердің белсенділігін арттырады және онлайн тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Моральдық-этикалық мәселелерді шешуде практикалық жағдайлар қарастырылады, ал Абай поэзиясы әдеби-шығармашылық аспектілерімен зерттеледі. Сонымен қатар, студенттер «Толық адам» моделінің логикалық құрылымдарын және SWOT-талдау үлгілерін құра отырып, сыни және жүйелі ойлау дағдыларын дамытады.

Тіл мен мазмұнды кіріктіре оқытудағы CLIL принциптері:

**Content (мазмұн):** Абайдың гуманистік ойлары мен құқықтық сана

**Communication (қатынас):** Қазақ тілі – негізгі тіл, кәсіби терминдер – кіріктірілген лексика

**Cognition (таным):** Сыни ойлау, салыстыру, талдау, синтез

**Culture (мәдениет):** Ұлттық құндылықтарды заманауи кәсіби контексте қабылдау

2 кесте – STEAM/CLIL интеграциясына негізделген шебер сынып бағдарламасы

Уақыт	Бөлім	Мазмұны	STEAM/CLIL интеграциясы	Әдістер
09:00 – 09:15	1. Кіріспе	Workshop мақсатымен таныстыру. Абай жайлы Padlet сауалнамасы	T (Tech) + CLIL – терминалды сөйлесу	Онлайн құралдар, quiz
09:15 – 09:45	2. Абай гуманизміне кіріспе	«Толық адам» концепциясы, мораль, әділет	S + A + CLIL терминдер (justice, morality, personality, conscience)	Мәтіндік анализ, жұптық талдау
09:45 – 10:15	3. Мәтінмен кәсіби жұмыс	17, 25, 45-қара сөздер және «Әсемпаз болма әрнеге»	A + CLIL – терминология арқылы әдебиет	Топтық жұмыс, постер жасау
10:15 – 10:45	4. Кейстік шешім	Этикалық және құқықтық жағдаяттар: «Мұғалім және әділет», «Азамат және ар»	E + M + CLIL: логикалық шешім, кесте	Кейс-талдау, проблемалық сұрақтар
10:45 – 11:15	5. STEAM тапсырма	Абай гуманизмінің кәсіби модель картасын құру (SWOT, блок-схема)	M + E + A – визуалды ойлау	Визуализация, Canva, Jamboard
11:15 – 12:30	6. Рефлексия және бағалау	«Мен қандай гуманистік кәсіби тұлғамын?» – рефлексиялық сауалнама	C (Cognition) + T	Mentimeter немесе Google Forms

Күтілетін нәтижелер:

- Студенттер Абай шығармаларын құқықтық және моральдық категориялармен байланыстыра отырып, кәсіби терминология негізінде талдай алады;
- Гуманистік құндылықтарды (ар-ұждан, әділет, жауапкершілік, ынсап) этика, педагогика және құқықтық сана контекстінде интерпретациялап, олардың тұлғалық және әлеуметтік мәнін түсіндіреді;
- Әдеби мәтінді құқықтық және моральдық жағдаяттармен салыстыру арқылы пәнаралық талдау жасау дағдысын меңгереді;

- CLIL тәсілі арқылы мазмұн мен кәсіби терминдерді кіріктіріп қолдану нәтижесінде кәсіби тілдік құзыреттілігі қалыптасады;
- Моральдық-құқықтық мәселелерге қатысты сыни және рефлексиялық ойлау қабілеті дамиды;
- Құқықтық мәдениет компоненттерін (білім, құндылықтық қатынас, жауапты іс-әрекет) саналы түрде түсіндіре алады.

Қажетті материалдар:

- Абай шығармаларының үзінділері
- Терминологиялық глоссарий (қазақша/ағылшынша – заң, этика, педагогика терминдері)
- Онлайн платформалар (Padlet, Mentimeter, Canva)
- Мәтіндер, флипчарттар, стикерлер

**Нәтижелер мен талқылау.** 1-кезең. Терминологиялық талдау нәтижелері

Абай шығармаларындағы адамгершілік ұғымдарын жүйелі меңгерту мақсатында кәсіби терминдер іріктеліп, олар әдеби, құқықтық және педагогикалық контексте талданды (3-кесте). Терминологиялық жұмыс студенттердің құқықтық-моральдық категорияларды пәнаралық тұрғыда түсінуіне мүмкіндік берді.

Талдау нәтижесінде студенттер:

«Адамгершілік», «Әділет», «Ар-ұждан» ұғымдарын философиялық мазмұнда ғана емес, құқықтық мәдениет компоненттерімен байланыстыра алды;

«Моральдық девиация» түсінігін нақты әдеби мысал арқылы интерпретациялады;

«Тұлғалық жауапкершілік» ұғымын заманауи әлеуметтік жағдайлармен салыстыра талдады.

Әсіресе «Қалың елім, қазағым» және «Ғылым таппай мақтанба» шығармалары бойынша талдау барысында студенттер заңға бағыну мен ішкі ар-ұждан арасындағы байланысты анық көрсетті. Бұл құқықтық сананың аффективтік компонентінің қалыптаса бастағанын байқатты.

3 кесте – Әдебиет, құқық, педагогика аясындағы кәсіби лексика мен терминдер тізімі

Термин	Саласы	Қысқаша анықтама
Адамгершілік (мораль)	Педагогика / Философия	«Адам болам десеніз» [11] өлеңіндегі жеке тұлғаның мінез-құлқын реттейтін, жақсылық пен жамандықты айқындайтын моральдық қағидалар жиынтығы.
Құқықтық сана	Құқық	«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?», [11] шығармасындағы жеке адамның немесе қоғамның заңға, құқықтық нормаларға деген ішкі көзқарасы, сезімі.
Моральдық девиация	Әлеуметтану	«Бойы бұлғаң» [11] туындысындағы қоғам қабылдаған моральдық нормалардан ауытқыған мінез-құлық.
Әділет (әділдік)	Құқық / Философия	«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» [11] өлеңіндегі заң мен адамгершілік нормаларға сәйкес келетін, теңдік пен туралықты негізге алатын қағида.
Ар-ұждан	Психология / Этика	«Сәулең болса кеудеңде» [11] шығармасындағы жеке адамның ішкі моральдық бағалауы, ар мен намыстың негізі.
Заңға бағыну	Құқық	«Ғылым таппай мақтанба» [11] туындысындағы қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында құқықтық нормаларды ерікті түрде орындау.
Тұлғалық жауапкершілік	Педагогика / Құқық	«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» [11] өлеңіндегі жеке адамның өз іс-әрекетінің әлеуметтік, моральдық және заңдық салдарын мойындауы.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы әрбір термин оның философиялық және адамгершілік ұстанымдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Төменде сіз берген терминдерді, олардың саласын және Абай шығармаларымен байланысты қысқаша анықтамаларын ұсынамыз:

📌 **Адамгершілік (мораль)** педагогика мен философия саласындағы негізгі ұғым. Ол Абайдың «Адам болам десеніз» өлеңіндегі жеке тұлғаның мінез-құлқын реттейтін, жақсылық пен жамандықты айқындайтын моральдық қағидалар жиынтығын білдіреді. Бұл өлең арқылы Абай адам баласын ізгілікке, парасаттылыққа шақырады.

📌 **Құқықтық сана** құқық саласына жатады. Абайдың «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» шығармасындағы жеке адамның немесе қоғамның заңға, құқықтық нормаларға деген ішкі көзқарасы мен сезімін көрсетеді. Бұл ұғым адамның құқықтық тәртіпті түсіну және оны қабылдау деңгейін білдіреді.

📌 **Моральдық девиация** әлеуметтану ғылымында зерттеледі. Ол Абайдың «Бойы бұлғаң» туындысындағы қоғам қабылдаған моральдық нормалардан ауытқыған мінез-құлықты сипаттайды. Абай осы өлеңінде қоғамдағы жағымсыз әдеттер мен адам бойындағы кемшіліктерді сынға алады.

✚ **Әділет (әділдік)** құқық және философия салаларымен тығыз байланысты. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіндегі заң мен адамгершілік нормаларға сәйкес келетін, теңдік пен туралықты негізге алатын қағида ретінде көрініс табады. Ақын өз халқын әділдікке, турашылдыққа шақырып, ел ішіндегі әділетсіздікке қарсы күресуге үндейді.

✚ **Ар-ұждан** психология мен этиканың маңызды ұғымы болып табылады. Абайдың «Сәулең болса кеудеңде» шығармасындағы жеке адамның ішкі моральдық бағалауы, ар мен намыстың негізі ретінде айқындалады. Бұл өлеңде ақын адамның ішкі дүниесінің тазалығына, рухани байлығына баса назар аударады.

✚ **Заңға бағыну** құқық саласына жататын принцип. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» туындысындағы қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында құқықтық нормаларды ерікті түрде орындауды білдіреді. Ақын білімді адамның заңға бағынып, тәртіпті өмір сүруінің маңыздылығын көрсетеді.

✚ **Тұлғалық жауапкершілік** педагогика және құқық салаларында қарастырылады. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіндегі жеке адамның өз іс-әрекетінің әлеуметтік, моральдық және заңдық салдарын мойындауын аңғартады. Абай шығармашылығында адамның өз әрекеттері үшін жауапты болуы, оның қоғам алдындағы міндеттері жиі айтылады.

Абайдың бұл терминдерді өз өлеңдерінде қолдануы оның қоғамның рухани және құқықтық дамуына деген терең көзқарасын көрсетеді. Абай шығармаларында, сонымен қатар халқының санасын оятуға ұмтылған ойшыл әрі ағартушы болды. Шебер сыныптан студенттердің алған білімін, әсерін, дағдысын бағалау үшін біз рефлексиялық эссе жаздырдық. Бұл тапсырмадан білім алушылардың өзіндік көзқарастарын анықтап, оқу үдерісіндегі кездесетін қиындықтарының шешу жолдарын қарастырдық.

1 кезең бойынша бағалау критерийлері:

Критерий	Сипаттамасы	Ұпай саны
1. Терминнің дұрыс анықтамасын беруі	Әр терминнің мағынасын нақты, қысқаша әрі ғылыми тілде ашуы	10 ұпай
2. Әдеби шығармамен байланыстыруы	Терминді Абай шығармасындағы нақты мысалмен дәлелдеп көрсетуі	10 ұпай
3. Терминнің кәсіби салада қолданылуын түсіндіруі	Терминнің педагогика, құқық, әлеуметтану саласындағы маңызын сипаттауы	10 ұпай
4. Аналитикалық және сыни тұрғыда талдауы	Терминнің мазмұнын салыстыру, интерпретация жасау, моральдық-құқықтық байланысын ашуы	10 ұпай
5. Презентация / жазбаша жұмыс құрылымы мен тіл мәдениеті	Ойдың жүйелілігі, ғылыми стильді сақтауы, сауаттылығы	10 ұпай
Барлығы		50 ұпай

2 кезең. Анықтау (рефлексиялық эссе);

1. Эссе тақырыбы: «Абай шығармаларындағы адамгершілік қағидалар мен қазіргі жастардың құқықтық мәдениеті»

Мазмұндық бағыт:

- ✚ Абайдың адамгершілік жайлы өлеңдері мен қара сөздері.
- ✚ Қазіргі жастар арасындағы моральдық және құқықтық бұзушылықтар.
- ✚ Абай ойлары бұл мәселелерді шешуге қандай үлес қоса алады?

2. Эссе тақырыбы: «Моральдық девиация – ішкі мәдениет дағдарысы: Абай шығармалары негізінде ойтолғау»

Мазмұндық бағыт:

- ✚ Девианттық мінез-құлық деген не?
- ✚ Абайдың қандай кейіпкерлері немесе өлең жолдары девиацияны сынайды?
- ✚ Бұл мінез-құлықтармен күресуде адам ішкі ар-ұжданы қаншалық маңызды?

3. Эссе тақырыбы: «Құқыққа бағыну мен ар-ұждан ұғымының Абай поэзиясындағы көрінісі»

Мазмұндық бағыт:

- ✚ Абайда құқықтық мәдениет қандай бейнелер арқылы берілген?
- ✚ Ар мен заң – қайсысы маңызды? Екеуінің байланысы.
- ✚ Қазіргі қоғамда ар-ұжданмен шешілетін қандай мәселелер бар?

4. Эссе тақырыбы:

«Абайдың «Бес дұшпаны» және құқықтық нигилизм: қазіргі көзқарас»

Мазмұндық бағыт:

✚ «Бес дұшпан» (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) қазіргі құқықтық бұзушылықтарға қалай әсер етеді?

✚ Құқықтық нигилизм деген не?

✚ Бұл құбылыстармен күресте Абайдың идеялары қандай рөл атқара алады?

5. Эссе тақырыбы:

«Әділет пен заң – Абайдың көзқарасы мен менің ұстанымым»

Мазмұндық бағыт:

✚ Абай үшін әділет пен заң қандай мәнге ие болды?

✚ Өзіңіздің өміріңізден немесе қоғамнан мысал келтіре отырып, осы ұғымдарға деген көзқарасыңызды сипаттаңыз.

✚ Әдебиет – әділетке үйрететін құрал бола ала ма?

2 кезең бойынша бағалау критерийлері:

Критерий	Ұпай
Тақырыпты ашу тереңдігі	10 ұпай
Абай шығармасымен байланыстыру	10 ұпай
Жеке көзқарас, рефлексия	10 ұпай
Кәсіби терминдерді орынды қолдану	10 ұпай
Логикалық құрылым және тіл мәдениеті	10 ұпай
<b>Жалпы</b>	<b>50 ұпай</b>

1-диаграмма. Шебер сынып бойынша студенттердің көрсеткен нәтижелері:



Барлығы қатысқан студент саны: 37

12 студент – өте жақсы (45–50 ұпай) → 32%

17 студент – жақсы (40–44 ұпай) → 46%

8 студент – қанағаттанарлық (30–39 ұпай) → 22%

Қанағаттанарлықсыз – жоқ

1. Өте жақсы нәтиже көрсеткендер (12 студент / 32%)

✚ Абай шығармаларындағы гуманистік идеяларды терең түсінген.

✚ Кәсіби терминологияны (құқықтық сана, тұлғалық жауапкершілік, моральдық девиация т.б.) дұрыс қолданып, нақты әдеби мысалмен байланыстырған.

✚ STEAM және CLIL технологиясымен жұмыс істеуге бейімделген (мысалы, модель картасы, диаграмма жасау, Padlet/ Jamboard қолдану).

✚ Жоғары мотивация, пәнге қызығушылық байқалған.

2. Жақсы нәтиже көрсеткендер (17 студент / 46%)

✚ Теориялық білім қалыптасқан, бірақ шығармамен байланыстыруда немесе талдау тереңдігінде әлсіздік бар.

✚ Кәсіби тілде сөйлеу дағдысы қалыптасқанымен, логикалық дәлел жеткіліксіз болған.

✚ Кейбір студенттер уақыт шектеуінен немесе тапсырма құрылымын толық түсінбеуінен максималды ұпай жинай алмаған.

3. Қанағаттанарлық көрсеткендер (8 студент / 22%)

✚ Терминдердің анықтамасын білгенімен, оларды нақты шығармамен байланыстыруда қиындық болған.

✚ Аналитикалық және сыни тұрғыда ойлау әлі қалыптаспаған.

✚ STEAM / CLIL әдістерімен жұмыс істеуде алғашқы тәжірибе болуы мүмкін (мысалы, логикалық модельдер немесе технологиялық құралдармен жұмыс істеуде).

✚ Жазбаша жұмыста тілдік, құрылымдық кемшіліктер болған (мысалы, сауаттылық, ғылыми стиль сақталмауы).

Шебер сынып соңында студенттерге рефлексиялық эссе жазу ұсынылды. Жұмыстарды талдау нәтижесінде келесі педагогикалық қорытындылар жасалды:

➢ 75% студент құқықтық мәдениетті тек заң білімін меңгеру емес, тұлғалық жауапкершілікпен байланыстырды;

➢ Студенттердің көпшілігі ар-ұзданды құқықтық нормалардан жоғары реттеуші фактор ретінде сипаттады;

➢ Кейбір студенттер терминдерді қолдануда теориялық анықтамамен шектеліп, сыни талдауға тереңдей алмады.

Бұл нәтижелер құқықтық мәдениеттің когнитивтік компоненті жақсы қалыптасқанын, ал аналитикалық-рефлексиялық дағдыларды дамыту қажеттігін көрсетті.

STEAM және CLIL технологиялары пәнаралық байланысты күшейтіп, студенттердің мазмұн мен терминологияны қатар меңгеруіне ықпал етті. CLIL тәсілі кәсіби лексиканы қолдануды арттырса, STEAM элементтері (SWOT, концепт-карта) логикалық ойлауды белсендірді.

Жалпы алғанда, ұсынылған модель:

Құқықтық мәдениеттің когнитивтік деңгейін күшейтті;

Моральдық категорияларды тұлғалық деңгейде қабылдауға мүмкіндік берді;

Пәнаралық ойлау дағдысын дамытты.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында Абай Құнанбайұлы шығармаларын жоғары оқу орнында құқықтық мәдениет пен моральдық сананы қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде қолданудың тиімділігі айқындалды. Абай поэзиясындағы ар-ұздан, әділет, жауапкершілік, адамгершілік сияқты құндылықтар студенттердің құқықтық сана компоненттерімен (құқықтық білім, құндылықтық қатынас, жауапты іс-әрекет) жүйелі түрде байланысты қарастырылды.

STEAM және CLIL технологиялары негізінде ұйымдастырылған оқыту моделі пәнаралық интеграцияны қамтамасыз етіп, әдеби мазмұнды құқықтық-этикалық терминологиямен ұштастыруға мүмкіндік берді. Практикалық тапсырмалар мен рефлексиялық жұмыстар нәтижесінде студенттер Абай шығармаларындағы гуманистік идеяларды заманауи әлеуметтік-құқықтық мәселелермен байланыстыра талдай алды. Эксперименттік деректер (32% – өте жақсы, 46% – жақсы) ұсынылған әдістемелік модельдің нәтижелілігін көрсетті.

Рефлексиялық талдау студенттердің құқықтық мәдениетті тек заң нормаларын меңгеру ретінде емес, ар-ұзданмен, әділетпен және тұлғалық жауапкершілікпен сабақтас құндылықтық жүйе ретінде қабылдай бастағанын байқатты. Бұл әдеби мәтіннің тұлғалық-азаматтық қалыптасуға ықпал ететін педагогикалық құрал ретіндегі әлеуетін дәлелдейді.

Абай дүниетанымының ұлттық руханияттағы және жалпыадамзаттық мәдениеттегі орны туралы зерттеулерде оның адамгершілік ілімінің әмбебап гуманистік мәні ерекше атап көрсетіледі [12, 52-б.; 13, 9-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасын заманауи білім беру технологияларымен ықпалдастыра оқыту құқықтық мәдениетті қалыптастырудың мазмұндық әрі құндылықтық негізін күшейтеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Абай поэзиясын құқықтық мәдениетті қалыптастырудың жүйелі педагогикалық моделі ретінде қарастырып, оны STEAM және CLIL технологияларымен интеграциялау арқылы тәжірибелік апробациядан өткізуінде. Ұсынылған модель гуманитарлық білім беру жүйесінде әдебиет пен құқықтық тәрбиені кіріктірудің тиімді әдістемелік бағыты ретінде ұсынылады.

Жалпы алғанда, Абай шығармаларын құқықтық-адамгершілік тәрбиемен ұштастыра оқыту болашақ педагог мамандардың азаматтық жауапкершілігін, кәсіби мәдениетін және құндылықтық бағдарын қалыптастыруға ықпал ететін пәрменді педагогикалық тетік болып табылады. Зерттеу нәтижелері құқықтық мәдениетті қалыптастыруда көркем мәтінді пәнаралық педагогикалық модель аясында қолданудың тиімді екенін көрсетті. Ұсынылған әдістеме құқықтық білімді тереңдетіп қана қоймай, студенттердің құқықтық рефлексиясын, азаматтық жауапкершілігін және құндылықтық бағдарын қалыптастыруға ықпал етті.

Осылайша, Абай поэзиясын құқықтық тәрбие мазмұнымен интеграциялау құқықтық мәдениетті қалыптастырудың құндылыққа негізделген педагогикалық стратегиясы ретінде ұсынылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Алексеев С.С. Теория права** [Текст]: учеб. для вузов / С.С. Алексеев. – М.: БЕК, 1995. – 311 с.
- 2 **Кудрявцев В.Н. Правовое поведение: норма и патология** [Текст]: монография / В.Н. Кудрявцев. – М.: Наука, 1982. – 287 с.
- 3 **«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы** [Электрондық ресурс] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (Жүгінген күні: 24.01.2026).
- 4 **Nussbaum M.C. Not for profit: Why democracy needs the humanities** [Text] / M.C. Nussbaum. – Princeton: Princeton University Press, 2010. – 296 p.

- 5 **Rawls J. An egalitarian theory of justice** [Text] / J. Rawls // *Philosophical Ethics: An Introduction to Moral Philosophy*. – 1971. – P. 365-370.
- 6 **Картаева А.М., Алдебаева Ж.З., Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқытудың шебері** [Мәтін] / А.М. Картаева, Ж.З. Алдебаева, Қ. Бітібаева // *Инновационное развитие и потенциал современной науки: Материалы международной научно-практической конференции*. – 18 февраля 2018. – С. 283-289.
- 7 **Еспенбетов А., Ердембеков Б., Смағұлова А. Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау** [Мәтін] / А. Еспенбетов, Б. Ердембеков, А. Смағұлова // *Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы*. – 2023. – № 2. – Б. 283-295. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.21>.
- 8 **Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат** [Мәтін]: монография / Ғ. Есім. – Алматы: Қазақ Университеті, 2004. – 83 б.
- 9 **Toғызбай А. The Works of Abai Kunanbayev and His Contribution to Kazakh Literature** [Text] / A. Toғызбай // *Eurasian Science Review: An International peer-reviewed multidisciplinary journal*. – 2025. – Vol. 1. – No. 3. – P. 2358-2370. DOI: <https://doi.org/10.63034/esr-370>.
- 10 **Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая** [Текст]: монография / М.С. Орынбеков. – Алматы: Гылым, 1995. – 334 с.
- 11 **Абай Құнанбаев шығармаларының толық жинағы** [Мәтін]: жинақ / Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 2 т. – 368 б.
- 12 **Мамырбекова Ә.Қ., Оралбекұлы О.Қ. Абай этикасының гуманизмі қоғамдық сананы жаңғыртудың негізі ретінде** [Мәтін] / Ә.Қ. Мамырбекова, О.Қ. Оралбекұлы // *Адам әлемі*. – 2022. – Т. 92. – № 2. – Б. 49-57. DOI: <https://doi.org/10.48010/2022.2/1999-5849.05>.
- 13 **Касбаева Г.С. Абай Құнанбайұлының дүниетаным қазынасы – қазақ руханиятының темірқазығы** [Мәтін] / Г.С. Касбаева // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарих ғылымдары. Философия. Дінтану сериясы. – 2020. – Т. 132. – №3. – Б. 6-13. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-6-13>.

## REFERENCES:

- 1 **Alekseev S.S. Teoriya prava** [Theory of law]. Moscow, BEK, 1995, 311 p. (In Russian)
- 2 **Kudryavtsev V.N. Pravovoe povedenie: norma i patologiya** [Legal behavior: norm and pathology]. Moscow, Nauka, 1982, 287 p. (In Russian)
- 3 **«Bilim turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319 Zany** [The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" No. 319 of July 27, 2007]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/z070000319> (accessed 24 February 2026). (In Kazakh)
- 4 **Nussbaum M.C. Not for profit: Why democracy needs the humanities**. Princeton, Princeton University Press, 2010, 296 p.
- 5 **Rawls J. An egalitarian theory of justice. Philosophical Ethics: An Introduction to Moral Philosophy**. *Philosophical Ethics: An Introduction to Moral Philosophy*, 1971, pp. 365-370.
- 6 **Kartaeva A.M., Aldebaeva Zh.Z., Bitibaeva K. Abaj shygarmashylygyn okytudyn sheberi** [Mastering the teaching of Abai's works]. *Innovacionnoe razvitie i potencial sovremennoj nauki: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*, February 18, 2018, pp. 283-289. (In Kazakh)
- 7 **Espenbetov A., Erdembekov B., Smagulova A. Abaj karasozderindegi adam minezderine tezaurustyk taldau** [Thesaurus analysis of human traits in Abai's prose]. *Euraziya gumanitaryk instituty habarshysy*, 2023, no. 2, pp. 283-295. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.21>. (In Kazakh)
- 8 **Esim G. Abaj turaly filosofiyalyk traktat** [Philosophical treatise on Abai]. *Almaty, Kazak Universiteti*, 2004, 83 p. (In Kazakh)
- 9 **Toғызбай А. The Works of Abai Kunanbayev and His Contribution to Kazakh Literature**. *Eurasian Science Review: An International peer-reviewed multidisciplinary journal*, 2025, vol. 1, no. 3, pp. 2358-2370. <https://doi.org/10.63034/esr-370>.
- 10 **Orynbekov M.S. Filosofskie vozreniya Abaya** [Philosophical views of Abai]. *Almaty, Gylym*, 1995, 334 p. (In Russian)
- 11 **Abaj Kunanbaev shygarmalarynyn tolyk zhinagy** [Complete collection of works by Abai Kunanbayev]. *Almaty, Korkem adebiet*, 2002, 2 vols., 368 p. (In Kazakh)
- 12 **Mamyrbekova A.K., Oralbekuly O.K. Abaj etikasynyn gumanizmi kogamdyk sanany zhangyrtudyn negizi retinde** [The humanism of Abai's ethics as the basis for the renewal of social consciousness]. *Adam alemi*, 2022, vol. 92, no. 2, pp. 49-57. <https://doi.org/10.48010/2022.2/1999-5849.05> (In Kazakh)
- 13 **Kasbaeva G.S. Abaj Kunanbayuly'nyn dunietyanym kazynasy – kazak ruhaniyatynyn temirkazygy** [Abai Kunanbayuly's worldview treasure is the iron anchor of Kazakh spirituality]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ul'tyq universitetinin Habarshysy. Tarih gylymdary. Filosofiya. Dintanu seriyasy*, 2020, vol. 132, no. 3, pp. 6-13. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-6-13>. (In Kazakh)

**Авторлар туралы мәліметтер:**

*Тумабаева Мадина Болатовна – PhD докторант, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000, Талдықорған қ., Болашақ ш/а, 45/52, тел.: 877759247773, e-mail: madina\_tumabaeva@mail.ru.*

*Есімбекова Динара Болатовна\* – PhD докторант, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000, Талдықорған қ., Мүшелтой көш., 5/1, тел.: 87079585587, e-mail: dinarabyessimbekova@mail.ru.*

*Асыллова Раушан Омаровна – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000, Талдықорған қ., Жастар көш., 69/43, тел.: 87773884671, e-mail: raushan\_dina@mail.ru.*

*Тумабаева Мадина Болатовна – PhD докторант, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040000, г. Талдыкорган, мкр. Болашақ, 45/52, тел.: 877759247773, e-mail: madina\_tumabaeva@mail.ru.*

*Есімбекова Динара Болатовна\* – PhD докторант, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040000, г. Талдыкорган, пр. Юбилейный, 5/1, тел.: 87079585587, e-mail: dinarabyessimbekova@mail.ru.*

*Асыллова Раушан Омаровна – кандидат филологических наук, преподаватель-лектор кафедры казахского языка и литературы, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040000, г. Талдыкорган, пр. Молодежный, 69/43, тел.: 87773884671, e-mail: raushan\_dina@mail.ru.*

*Tumabayeva Madina Bolatovna – PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000, Taldykorgan, 45/52 Bolashak microdistrict, tel.: 877759247773, e-mail: madina\_tumabaeva@mail.ru.*

*Yessimbekova Dinara Bolatovna\* – PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000, Taldykorgan, 5/1 Yubileinyi Ave., tel.: 87079585587, e-mail: dinarabyessimbekova@mail.ru.*

*Assylova Raushan Omarovna – Candidate of Philological Sciences, Lecturer of the Department of Kazakh language and literature, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000, Taldykorgan, 69/43 Molodezhnyi Ave., tel.: 87773884671, e-mail: raushan\_dina@mail.ru.*